

Көсембай негізгі мектебінің  
2023-2024 оқу жылының «вокал»  
үйірмесінің жылдық

## Талдауы

2023-2024 оқу жылында вокал үйірмесінде бастауыш сыныптардан 12 бала, орта буыннан 12 бала, барлығы 24 бала қатысты. Бастауыш сыныпқа жылына 144 сағат, орта буынға 144 сағат берілді. Осыған байланысты үйірменің күнтізбелік тақырыптық жоспары құрылды. Бастауыш сыныпқа аптасына 4 сағат, орта буынға аптасына 4 сағат үйірме жұмысы жүргізілді. Үйірме мақсаты: Бәсекеге қабілетті, заман ағымына ілесе алатын, өмірге икемді жеке тұлғаны қалыптастыру. Өзінің шығармашылық жұмысында жаңаша оқығудың әдіс-тәсілдерін іздестіру, музыка пәнінің аумағында игерілетін білім сапаларын арттыру, жалпы музыка мәдениетін қалыптастыру және балалардың жеке ерекшеліктері мен болмысын ескере отырып музыкадан жан-жақты білім берудің арнайы ерекшеліктерін негізге алу.

Жалпы бірінші тоқсан бойынша оқушылардың үйірмеге қатысуы орташа деңгейде, алдағы уақытта оқушылардың үйірмеге қызығушылығын арттыруды жоспарлаймын. 25 қазан Республика күніне орай мектебімізде «Патриоттық ән байқауы» өткізілді. Оқушыларымыз белсене қатысып, жүлделі орындармен марапатталды. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Патриоттық әндер» члендігіне Алпысбаева Ұлту және Қыдырбай Аян қатысып, әндерін жолдады. «Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасына аудандық кезеңіне «Әнші бұлбұлдар» бағыты бойынша Имағанбетова Кәусар қатысып, жүлделі 3-ші орын алды. 2024 ж.

Үйірме жетекшісі:  К.Ұ.Имағанбетов